

Аңдатпа

Энергия тиімділігі саясатын іске асыру қазіргі таңда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы секторын жаңғыртудың басты құралдарының бірі болып табылады. Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттырудың табысты саясаты елдің энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, энергия тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету жаңа инновациялық технологиялар мен шешімдерді енгізуді ынталандырады. Соған орай біз жылумен қамдау жүйесін автоматтандыру және оны аралас, яғни ауа мен суды біріктіріп қолдануды жөн көріп отырмыз.

Сондықтан да, біздің алдағы мақсатымыз қазіргі таңдағы жылумен қамдау жүйесін зерттеу және кемшіліктері мен артықшылықтарын талдай отырып жаңа аралас жылумен қамдау жүйесінің проектісін жасау.

Дипломдық жұмыс: 63 беттен, 9 кестеден, 19 суреттен, 4 қосымшадан тұрады; пайдаланылған әдебиеттер саны – 18.

Дипломдық жоба 3 бөлімнен тұрады:

Бірінші бөлімде жобаның экономикалық қажеттілігі, жылумен қамдаудың сипаттамасы, қазіргі таңдағы жылумен қамдау жүйесін жаңарту қарастырылған. Екінші бөлімде шудан қорғану қарастырылып, нөлдену есептелінді. Үшінші бөлімде жобаның экономикалық тиімділігі есептелді.